

Жетісу облысы әкімдігінің «Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Сарқан аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

## ҰЖЫМ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Сарқан қаласы

30.01.2026 жыл

Төраға: Директор Шулгаубаев Алтай Камиевич

Тақырып бойынша оқыту дәрісі - сыбайлас жемқорлық;

Баяндамашы: комплаенс-офицер Даутов Дидар Алимханович

ШЖҚ «Сарқан аудандық орталық ауруханасы» МКК-ның комплаенс-офицері Даутов Дидар Алимханович, шаруашылық жүргізу құқығындағы «Сарқан аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының аға медбикелеріне, қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша оқыту дәрісін өткізді.

Сыбайлас жемқорлық – бұл жеке мүдделер үшін билікті асыра пайдалану, ол мемлекеттік институттарға деген сенімді әлсіретіп, қоғамның дамуын тежейді. Ол әртүрлі нысандарда көрініс табады, соның ішінде парақорлық, тамыр-таныстық, қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалану және басқа да заңсыз немесе әдепке сай келмейтін әрекеттер. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

Сыбайлас жемқорлықтың негізгі түрлері

- Парақорлық – тиімді шешім алу үшін пара беру немесе алу.
- Тамыр-таныстық және патронаж – лауазымдарға кәсіби қабілеттерге емес, жеке байланыстарға негізделіп тағайындау.
- Қаржы жымқыру және ысырап ету – мемлекеттік ресурстарды заңсыз пайдалану.
- Мүдделер қақтығысы – жеке мүдделердің қызметтік міндеттерді орындауға әсер етуі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шаралары

Ағарту және ақпараттандыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру бағдарламалары.

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" заң - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңға сәйкес өзге де шаралар;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер – осы Заңда белгіленген және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыру мен іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл:

1. заңдылық;
2. адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;
3. жариялылық пен ашықтық;
4. мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жасауы;
5. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;
6. сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану;
7. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды көтермелеу;
8. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу мынадай:


1. қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру;
2. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;
3. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту;
4. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
5. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.

### Сыбайлас жемқорлық түрлері

- Жүйелік сыбайлас жемқорлық — жүйеге айналған ұйымдасқан сыбайлас жемқорлық (құрылымдық элемент) - ұйымдасқан қазынашылық (бюджетті "кесу"), бопсалау және жүйелі қосымша табыс.
- Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық қарапайым азаматтар мен шенеуніктердің өзара әрекеттесуінен туындайды. Оған азаматтардың түрлі сыйлықтары мен лауазымды тұлғаға және оның отбасы мүшелеріне көрсетілетін қызметтер кіреді.
- Іскерлік сыбайлас жемқорлық билік пен бизнестің өзара әрекеттесуі кезінде пайда болады. Мысалы, экономикалық дау туындаған жағдайда, Тараптар өз пайдасына шешім шығару үшін судьяның қолдауына жүгінуге тырысуы мүмкін.
- Жоғарғы биліктің сыбайлас жемқорлық (Гранд-сыбайлас жемқорлық, Гранд-сыбайлас жемқорлық, ағылш. Grand corruption) демократиялық жүйелердегі саяси басшылық пен Жоғарғы соттарға жатады. Бұл билікте тұрған топтарға қатысты, олардың жосықсыз мінез-құлқы саясатты өз мүдделері үшін және сайлаушылардың мүдделеріне зиян келтіруден тұрады.

Қазақстан Республикасының заңдарын білу әр азаматтың борышы болып табылады. Заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайтынын білесіздер. Әрдайым Қазақстан Республикасының Заңдарымен таныс болып оқып жүрулеріңізді өтінемін.

Хатшы:



Данабаева А.Н

Комплаенс-офицер:



Даутов Д.А

